

Аманов Амиркул Шаукатұлының

«8D01704 – Орыс тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін орындалған

«Түркітілдес билингв-оқушылардың орыс тіліндегі ауызекі сөйлеу нарративті дағдыларының дамуы» атты диссертациясылық жұмысына

АҢДАТПА

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Қазақстан Республикасындағы ересектер мен балалардың қостілділігі – жаппай құбылыс. Оның әр алуан түрлері кең таралған: қазақ-орыс (сирек орыс-қазақ) және өзбек, ұйғыр, тәжік, неміс және басқа тілдердің қатысуымен ұлттық-орыс қостілділігі.

Балалар қостілділігінің жалпы сипаттамасы елдегі тілдік жағдайдың әркелкілігімен және қостілділіктің аймақтық ерекшеліктерімен анықталады: солтүстік пен шығыста қазақ-орыс (кейде орыс-қазақ) қостілділігі кең таралған, батыста және оңтүстікте компоненттері қазақ және орыс тілдерінен басқа өзбек және ұйғыр тілдері болып табылатын көптілділік жиі кездеседі.

Балалардың қостілділігін түсіну және оның артықшылықтарын анықтау мәселелерін тіл мамандары әртүрлі зерттеу тұрғысынан қарастырады, бұл осы тілдік құбылыстың көп қырлылығымен түсіндіріледі. Бұрын балалардағы қостілділік когнитивтік кемшіліктерге әкеледі деп есептелді, бірақ соңғы кездегі зерттеулер екі немесе одан да көп тілді белсенді қолдану тәжірибесі, керісінше, қостілділерге когнитивтік функцияларын жақсартуда кейбір артықшылықтар беретінін көрсетті. Олар өздерінің психологиялық мүмкіндіктеріне, әлеуметтік-мәдени құрамдас бөліктеріне, тілдердің грамматикалық құрылымын білуіне және басқа компоненттеріне сүйене отырып әңгіме құра алады.

Зерттеудің өзектілігі Қазақстан қоғамында қостілді балалардың санының артуы және олардың тілді меңгеру деңгейінің әртүрлі болуымен байланысты. Бұл жағдай қостілді балалардың баяндау дағдыларын мақсатты және егжей-тегжейлі зерттеу мен дамытудың қажеттілігін, орыс және түркі тілдерінің қатысуымен олардың қостілділігін қалыптастырудың негізгі көрсеткіші ретінде анықтайды.

Бұл орайда орыс, қазақ, өзбек, ұйғыр тілдерінде сөйлейтін қостілді балалардың әңгімелерінің макроқұрылымдық ерекшеліктерін тереңдетіп зерттеудің маңызы зор. Бұл әңгімелеу құрылымының сапалық және сандық көрсеткіштерін талдауға және оқытылатын тілдердегі әңгімелеу дағдыларының қалыптасу және даму процестеріндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтауға мүмкіндік береді.

Зерттеу нысаны: түркітілдес қостілді оқушылардың орыс тіліндегі нарративтік дағдылары.

Зерттеу пәні: түркітілдес қостілді оқушылардың орыс тіліндегі нарративтік баяндау мәтіндерінің макроқұрылымы.

Зерттеу мақсаты – қостілді түркітілдес оқушылардың орыс тілінде баяндау дағдыларын сипаттау және осы негізде оларды дамытудың әдістемелік ұсыныстар жүйесін жасау.

Зерттеу міндеттері:

Теориялық блок:

- қостілділердің орыс тіліндегі баяндау дағдыларын зерттеудің алғы шарттарын анықтау, мәселені зерттеу күйін талдау;
- қостілді балалардың баяндау дағдыларының маңызды сипаттамаларын анықтау.

Эксперименттік блок:

- қостілді балалардың баяндау дағдыларын анықтау үшін қолданылатын макроқұрылымдық зерттеу құралының репрезентативтілігін диагностикалау;
- баяндау дағдыларын анықтау үшін тест материалдарын қазақ, өзбек және ұйғыр тілдеріне аудару;
- Түркітілдес көптілді балалардың нарративтік дағдыларын анықтауға арналған жаңартылған және бейімделген тест арқылы эксперимент жүргізу;
- оқулық мәтіндерін талдау және алынған нәтижелерді салыстыру.

Аналитикалық қорытындылау блогы:

- экспериментке қатысушылардың нарративтік макроқұрылымының дағдыларының сандық және сапалық көрсеткіштерін жүйелеу, таксономиялық, салыстырмалы және лингвистикалық талдау;
- зерттеу нәтижелерін жалпылау
- қостілді түркітілдес оқушылардың орыс тілінде нарративтік дағдыларын дамыту бойынша әдістемелік ұсыныстар әзірлеу және сынақтан өткізу.

Жұмыстың **теориялық маңыздылығы** көптілді балалардың нарративтік дағдыларын анықтауға арналған тестті бейімдеуде; қостілділердің нарративтік дағдыларының ерекшеліктерін Қазақстан Республикасындағы екі және көптілді түркітілдес оқушылардың орыс тіліндегі ауызша мәтіндері негізінде көрсетуде; түркі тілдес балалардың орыс тіліндегі типтік сөйлеу қателіктерін және олардың пайда болу себептерін жан-жақты зерттеуде; қостілді балалардың нарративтік дағдыларын қалыптастырудың және одан әрі дамытудың ең тиімді әдістері мен тәсілдерін анықтауда болып табылады.

Практикалық маңыздылығы жүргізілген зерттеудің нәтижелерін тіл білімі, психолингвистика, әлеуметтік лингвистика және салыстырмалы нарратология бойынша теориялық курстарда қолдану мүмкіндіктерімен анықталады. Зерттеу нәтижелерін нарративтік тәсілдің ерекшеліктеріне арналған арнайы курстар үшін де пайдалануға болады. Диссертациялық зерттеуде алынған нәтижелер екі тілді балалардың нарративтік дағдыларын макроқұрылымдық талдаудың зерттеу құралы ретінде қолданылуы мүмкін. Зерттеу нәтижелерін талдау негізінде әзірленген әдістемелік ұсыныстар қолданбалы мүмкіндіктердің кең ауқымына ие.

Зерттеудің ғылыми-әдіснамалық негіздерін нарратологиядағы

Б. Аккорти, А. Аксу-Коч, Г.В. Белая, Р.А. Берман, Дж. Валецкий, Б. Вульфек, А.А. Джундубаева, С.К. Зенкин, У.В. Лабов, А. Либлич, социолінгвистикадағы К.Б. Айтжанова, О.Б. Алтынбекова, З.К. Ахметжанова, К.С. Ныязбекова, Ж.С. Смагулова, Э.Д. Сулейменова, қостілділік теориясындағы Э. Бялысток, Н.В. Гагарина, Ш.К. Жаркынбекова, А.К. Казкенова, М. Мартин, Е.Ю. Протасова сияқты қазақстандық және шетелдік ғалымдардың іргелі теориялық тұжырымдары кұрады.

Зерттеу әдістері. Диссертациялық зерттеудің әртүрлі кезеңдерінде бақылау, салыстыру, жіктеу, сипаттау және жалпылау сияқты жалпы ғылыми әдістер қолданылды.

Нақты материал 45 қостілді баланы Көптілді балалардың нарративтік дағдыларын анықтауға арналған тесттің негізінде өткізілген экспериментте алынды.

Сонымен қатар экспериментке қатысқан екі тілді балалардың ата-аналарына сауалнама жүргізілді. Одан басқа, ұлттық мектептердегі 3-сыныпқа арналған орыс тілі оқулықтарының мәтіндеріне нарративтік талдау жасалды.

Эксперименттер барысында алынған материалды өңдеу және талдау үшін: аудионы мәтіндік форматқа транскрипциялауға арналған Adobe Audition компьютерлік бағдарламасы, орыс тілінде екі тілді балалардың әңгімелеу дағдыларын дамыту ерекшеліктерін сипаттауға және түсінуге мүмкіндік беретін макроқұрылымдық талдау қолданылды.

Зерттеу материалдары мен дереккөздері: өз тәжірибелерімізден алынған деректер, Көптілді балалардың нарративтік дағдыларын анықтауға арналған тесттің тілдік нұсқаларын әзірлеу және жетілдіру бойынша халықаралық зерттеу бағдарламасы аясында өткізілген зерттеулер нәтижелері, сондай-ақ ұлттық мектептердегі 3-сыныпқа арналған орыс тілі оқулықтарының мәтіндері таңдалып, талданды, барлығы:

– қостілді балалардың 240 ауызша мәтіндері және әңгімені түсінуін тексеруге арналған сұрақтарға жауаптар: қазақша – 46, өзбекше – 44, ұйғырша – 38, орысша – 112, оның ішінде 82 – қостілділерден, 30 – біртілділерден алынды;

– экспериментке қатысушылардың ата-аналары толтырған 45 жазбаша сауалнама;

– 7-8 жас аралығындағы швед, швед-неміс және швед-түрік қостілді және біртілділердің 120 әңгіме мәтіні;

– ұлттық мектептердегі 3-сыныпқа арналған орыс тілі оқулықтарынан 230 мәтін.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы:

1. Қазақстандық материалда Көптілді балалардың нарративтік дағдыларын анықтауға арналған бейімделген тест жаңартылды. Көптілді балалардың нарративтік дағдыларын анықтауға арналған тесттің үш бейімделген тілдік нұсқасы (қазақ, өзбек, ұйғыр) MAIN – The Multilingual Assessment Instrument for Narratives халықаралық зерттеу бағдарламасының дерекқорына енгізілді және Лейбниц қауымдастығының ресми сайтында орналастырылды.

2. Көптілді балалардың нарративтік дағдыларын анықтауға арналған тесттің тілдік нұсқасылары бұл құралды қостілді оқушылардың баяндау дағдыларын

зерттеу үшін пайдалану мүмкіндігін дәлелдеді. Осылайша, екі тілді түркітілдес балалардың баяндау дағдыларын сипаттау мен талдаудың Қазақстан үшін жаңа әдістемесі кеңірек зерттеу саласына экстраполяцияланды.

3. Қазақ, өзбек, ұйғыр тілдерінде сөйлейтін балалардың орыс тілінде әңгімелеу дағдылары салыстырылды. Салыстырмалы түрде ұқсас жағдайларда қостілділердің (туыстас тіл өкілдері) екінші жалпы тілінде баяндау қабілеттері көп жағынан ұқсас түрде дамитындығы анықталды.

4. Көптілді балалардың нарративтік дағдыларын анықтауға арналған тесттің бейімделген және жаңартылған нұсқалары қостілді түркітілдес балалардың орыс тілінде баяндау дағдыларының дамуы және жетілдірілуі барысындағы жүйелік қателерді түсінуге және соның негізінде әдістемелік ұсыныстар әзірлеуге негіз болды.

Зерттеу жұмысы бойынша қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар: зерттеу барысында қол жеткізілген нәтижелерге сүйене отырып, қорғауға төмендегідей тұжырымдар ұсынылады.

1. Түркітілдес қостілді балалардың ауызекі мәтіндері макроқұрылымының сандық және сапалық көрсеткіштері бойынша шамамен бірдей жағдайларда түркітілдес қостілділердің әңгімелеу дағдылары екінші жалпы тілде көптеген көрсеткіштер бойынша ұқсас түрде дамиды.

2. Әңгімелеу құрылымы мен сюжеттік күрделілік қостілділердің үш тобында ұқсас түрде көрінеді. Екі тілді меңгерген 30 қатысушының әңгіме құрылымы бойынша орташа ұпайлары 11–12 ұпай (65–70%) диапазонында, бұл әлі де максимумнан (17 ұпай) біршама алыс. Бұл біздің қостілді балаларымыздың қатарындағы типтік баяндаушының мүмкіндіктерін көрсететін маңызды нәтиже. Әдеттегі баяндаушы оқиғаның 11-12 компонентін ғана атап өтеді, өйткені бұл идеалдандырылған сценарий емес.

3. Қостілділердің нарративтік дағдылары, олардың жеке танымдық және психологиялық мүмкіндіктері мен әлеуметтік-мәдени құрамдас бөліктерінен басқа, тарихи қалыптасқан, кейде Қазақстанның әртүрлі өңірлерінде түбегейлі қарама-қайшы келетін аймақтық экономикалық, демографиялық және этно-тілдік жағдайларға байланысты.

4. Әр түрлі (жиі және сирек кездесетін) макроқұрылымдық компоненттердің көрсеткіштері үш тілдік топта ұқсас түрде көрінеді және бұл көрнекі ынталандырулардың *тіларалық сипатын* дәлелдейді. Кейбір макроқұрылымдық компоненттер эпизодқа қарамастан бірдей жиілікте қолданылған (кем дегенде 80%). Керісінше, жақсы қалыптасқан әңгіме үшін ең маңызды болып саналатын макроқұрылымның құрамдас бөлігі – *мақсат* әлдеқайда аз қолданылынған: 1-2 эпизод-50%; 3 эпизод – 30%.

5. Қостілді балалардың орыс тіліндегі анықталған типтік сөйлеу қателіктерінің жіктелуі және осы ауытқулардың пайда болу себептерін анықтау нәтижесінде синтаксистік қателіктердің басым болуы және морфологиялық және лексикалық-семантикалық қателердің салыстырмалы түрде аз болуы анықталды. Алынған жиынтық деректер түркітілдес қостілді балалардың нарративтік дағдыларын дамытудың әдістемелік ұсыныстары жүйесін құруға негіз болды.

Жұмыстың апробациясы. Зерттеудің негізгі мазмұны мен нәтижелері 9 ғылыми мақалада, соның ішінде ҚР БҒМ БҒССҚК ұсынған және Scopus мәліметтер базасына енген мақалаларда, халықаралық ғылыми-практикалық конференциялардағы баяндамалар мен хабарламаларда көрініс тапты.

Зерттеу барысы және оның нәтижелері:

– PhD докторанттардың ғылыми-әдістемелік семинарларында, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Орыс филологиясы және әлем әдебиеті кафедрасының отырыстарында (09.2020–03.2023);

– ACCELS профессоры Д. Ю. Дэвидсонның жетекшілігімен зерттеу тәжірибесі барысында (American Councils for International Education / Американские советы по международному образованию), Вашингтон, АҚШ (07.2022–08.2022);

– Көптілді балалардың нарративтік дағдыларын анықтауға арналған тесттің тілдік нұсқаларын әзірлеу және жақсарту жөніндегі халықаралық зерттеу бағдарламасының тұрақты мүшесі ретінде «Text & Tea with litmus-MAIN» ғылыми-әдістемелік семинарларында, Берлин, Германия (09.2019–02.2023);

– Берлин Лейбниц қауымдастығында біліктілікті арттыру курстарынан өту кезінде, Германия (11.2019–12.2019);

– Түркістан қаласының жалпы білім беретін мектептерінде әдістемелік ұсыныстарды сынау барысында (02.2023–03.2023) талқыланды.

Қосымша зерттеулердің болашағы. Осы зерттеуде біз ұсынған және сынақтан өткізген Көптілді балалардың нарративтік дағдыларын анықтауға арналған тесттің тілдік нұсқалары екі тілділіктің аймақтық ерекшеліктерін зерттеуге негіз бола алады.

Сонымен қатар, әр түрлі мәдениеттердегі әңгімелеу стильдерінің балалар әңгімелерінің қалыптасуы мен дамуына қалай әсер ететіндігі туралы қосымша зерттеулер жүргізу қажет, өйткені қолданыстағы жұмыстардың көп бөлігі Еуропа елдерімен шектелген. Сонымен қатар, субъектілердің грамматикалық дағдылары туралы ақпарат алу үшін алдын-ала лингвистикалық талдау қажет.

Зерттеу жұмысының құрылымы мен көлемі. Диссертациялық зерттеу кіріспеден, анықтамадан, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, 35 сурет, 9 кесте, 14 диаграммадан тұрады.